

БЕКІТЕМІН
Қостанай облысы әкімдігі
мәдениет басқармасының басшысы
Қ. Б. Атамұратов
2025 ж. «10» _____ 09

УТВЕРЖДАЮ
Руководитель управления культуры
акимата Костанайской области
К. Б. Атамуратов
«10» _____ 04 2025 г.

**IV облыстық «#ОқыЖәнеЖең»
онлайн кітап оқу байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы, Ақпараттандыру басқармасы, Қоғамдық даму басқармасы, Білім басқармасы қазақ және орыс тілдерінде онлайн режімінде IV облыстық «#ОқыЖәнеЖең» байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты:

Қостанай облысы тұрғындарының назарын қазіргі заманғы тұлғаның кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесіне аудару.

Байқаудың міндеттері:

- халықтың назарын кітап оқитын адамға, кітапқа аударуды арттыруға ықпал ету;
- облыс халқының оқырмандық белсенділігін арттыруға ықпал ету;
- байқауға қатысушылардың кітаптың, сөздің, кітапхананың әр адамның дүниетанымын қалыптастырудағы рөлін сезінуіне көмектесу.

2. Байқауды өткізу тәртібі

1. Қазылар алқасы педагогтардан, кітапханашылардан, белсенді оқырмандардан тұратын комиссияның көмегімен байқауға қатысушылар байқаудың әр кезеңінде оқитын қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптарды іріктейді. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының және байқауды өткізуге тартылған барлық басқа құрылымдардың жұмысын ұйымдастырады.

2. Байқауға облыс тұрғындары үш жас санаты бойынша жіберіледі:

- 10 жастан 14 жасқа дейін (қоса алғанда);
- 15 жастан 18 жасқа дейін (қоса алғанда);
- 19 жас және одан жоғары.

Соның ішінде облыстан тыс жерде уақытша тұратындар (облыста кемінде бір жыл тұрақты тіркеуде тұрған жағдайда және байқаудың соңғы кезеңін өткізу орнына – эссе жазуға өз бетінше келу мүмкіндігі болған жағдайда) қатыса алады.

Тестілеу кезеңдерінде және эссе жазу кезеңінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшелеріне, қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне (олардың жақын туыстарын қоса алғанда) байқауға қатысуға рұқсат етілмейді.

Алдыңғы байқауларда өздерінің жас санаттарында бірінші орын алған қатысушылар келесі байқауға мүлдем қатыспайды немесе келесі байқауға (өздерін дамыту үшін) жалпы негіздерде тек алғашқы үш кезеңге қатыса алады, соңғы кезеңге (эссе жазуға) рұқсат етілмейді және жүлделі орындарға үміткер бола алмайды.

3. Байқауға қатысушылардың осы Ереженің 2-ші тармағының талаптарына сәйкестігін ұйымдастырушылар байқауға қатысушының соңғы кезеңнен өтуі кезінде тексереді. Ол үшін ұйымдастырушылар мәліметтер базасын зерттейді немесе қажет болған жағдайда қатысушылардан тиісті растайтын құжаттарды сұрайды.

4. Байқауға қатысушылар <http://kitap10.kz/> сайтында тіркеліп, сайтта көрсетілген сілтеме бойынша Telegram-дағы өз жас санаттары тобына өтуі және белгіленген мерзімде қазылар алқасы өз санаттары үшін ұсынған кітаптарды қазақ немесе орыс тілдерінде офлайн немесе онлайн нысанда оқып шығуы қажет және белгіленген күні онлайн тестілеуден өтуі керек.

5. Қатысушыларды тіркеу 2025 жылдың 10 қазаннан 7 қарашаға дейін жүргізіледі. Олардың байқау туралы ақпарат алып отыруы және кітаптың электрондық нұсқаларына сілтемелер алып отыруы үшін тіркелген қатысушылар үшін Telegram-да топтар құрылады.

6. Байқау 2025 жылдың 20 қазаннан басталып, 2026 жылдың 16 қаңтарында аяқталады және 4 кезеңнен тұрады:

1-ші кезең – 20 қазаннан 8 қарашаға дейін. 9 қарашада тестілеу өткізіледі;

2-ші кезең – 10 қарашадан 29 қарашаға дейін. 30 қарашада тестілеу өткізіледі;

3-ші кезең – 1 желтоқсаннан 20 желтоқсанға дейін. 21 желтоқсанда тестілеу өткізіледі;

4-ші кезең – үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушылар 2025 жылдың 27 желтоқсанында кітапты оқыған тілдерінде офлайн нысанда эссе жазады.

4-ші кезең Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында, орталық қалалық және аудандық кітапханаларда өтеді.

Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау 2026 жылдың 16 қаңтарында өткізіледі.

Ұйымдастырушылар күндерді қажет болған жағдайда өзгертуі мүмкін.

7. Байқаудың төртінші кезеңіне алдыңғы үш кезеңнің тесттері ұпайының жиынтығы бойынша ең көп ұпай жинаған ең кемі 80 қатысушы (қазақ тілінде 40 адам және орыс тілінде 40 адам) жіберіледі. Бірнеше қатысушының ұпайлары тең болған жағдайда, қазылар алқасы осы ұпайларды тестілеу кезінде ең аз уақыт ішінде жинаған қатысушыларға басымдық бере алады. Қазылар алқасы қатысушылардың эсселерін байқау сайтында алдын ала орналастырылған және арнайы әзірленген критерийлер бойынша бағалайды.

8. Байқаудың кәмілетке толмаған қатысушылары өздерінің бірге туған және бірге тұмаған кәмілетке толмаған бауырлары немесе ата-аналары қатысқан жағдайда қосымша ұпай алуға үміткер бола алады. Қосымша ұпай алу үшін екінші кезеңнің тестілеуіне қатысқан кәмілетке толған байқауға қатысушылардың бірі үшінші кезеңнің тестін тапсырудан бір күн бұрын байқауға қатысып жатқан балалардың туу туралы куәліктерін ұсына отырып электронды түрде өтініш жазуы тиіс. Қамқоршылық жағдайында оны растайтын тиісті құжаттар (lit-center2@mail.kz, kitap10@list.ru электронды поштасына) ұсынылады.

Қосымша ұпайлар әрбір кәмілетке толмаған қатысушыға беріледі:

2 ұпай – бір отбасынан 3 қатысушы;

3 ұпай – 4 қатысушы;

5 ұпай – 5 қатысушы;

9 ұпай – 6 қатысушы және одан да көп.

9. Байқауға қатысушылар Google нысанында тест тапсырады. Тестілеуден өту үшін қатысушыларға әр шығарма бойынша 50 сұраққа (автоматты жүйемен анықталады) жауап беру ұсынылады. Тест тапсырмасын орындау уақыты – 60 минут. Берілген уақыт өткеннен кейін жіберілген жауаптар есептелмейді.

10. Төртінші кезеңде финалистер ұйымдастырушылар белгілеген орындарда қағазға эссе жазады. Эссе жазу уақыты – 60 минут. Байқауға қатысушыларға интернетті, телефондарды, ноутбукты және басқа да техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Қазылар алқасының әр мүшесі эссені тексеру кезінде жұмысты он балдық бағалау жүйесі бойынша дербес бағалайды және өз бағасын базаға енгізеді. Қорытынды баға қазылар алқасының барлық мүшелері бағаларының орташа мәнінен және он балдық жүйеге ауыстырылған үш кезеңдегі ұпайдың жалпы санынан құралады.

11. Байқау туралы және оның қорытындысы туралы ақпарат Мәдениет басқармасының, Қоғамдық даму басқармасының, Білім басқармасының, қалалар мен аудан әкімдіктерінің, Л.

Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының, Арқалық к. №2 ОӘҒК, Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының, орталық қалалық және аудандық кітапханалардың ресми интернет-ресурстарында (сайттарында, әлеуметтік желілерінде), БАҚ орналастырылады.

4. Қорытынды ереже

1. Байқау жеңімпаздары 4-ші кезеңнің қорытындысы бойынша анықталады.

2. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері келесідей марапаттарға ие болады:

I дәрежелі (6 адам), II дәрежелі (12 адам), III (18 адам) дәрежелі дипломдар және ақшалай сыйлықтар.

Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы байқаудың қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып жүлделі орын алмаған, алайда жеңімпаздардан аз ғана төмен ұпай алған финалистер үшін қосымша ынталандыру сыйлықтарын белгілей алады.

3. Байқаудың финалына өткен, бірақ жүлделі орындарға ие болмаған барлық қатысушылар финалистердің дипломдарымен марапатталады.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласу керек (сағат 9:00-ден 22:00-ге дейін):

10 жастан 14 жасқа дейінгі жас санаты үшін +7 707 216 99 25 (қазақ тілінде) +7 777 054 07 21 (орыс тілінде);

15-18 жас аралығында +7 747 447 62 90 (қазақ тілінде), +7 747 232 92 87 (орыс тілінде);

19 жастан жоғары +7 702 854 56 08 (қазақ тілінде), +7 708 125 62 19 (орыс тілінде).

ПОЛОЖЕНИЕ
о проведении IV областного онлайн-конкурса по чтению
«#ОқыЖәнеЖең»

1. Общие положения

Управление культуры, Управление информатизации, Управление общественного развития, Управление образования акимата Костанайской области» проводят в онлайн-режиме на казахском и русском языках IV областной конкурс «#ОқыЖәнеЖең».

Цель конкурса:

привлечение внимания жителей Костанайской области к вопросу развития культуры чтения современной личности.

Задачи конкурса:

- способствовать повышению внимания населения к читающему человеку, книге;
- способствовать повышению читательской активности населения области;
- способствовать пониманию участниками конкурса роли книг, слова, библиотек в формировании мировоззрения каждой личности.

Порядок проведения конкурса

1. Отбор книг для прочтения участниками конкурса на каждом этапе на казахском и русском языках проводит жюри с помощью комиссии из педагогов, библиотекарей, активных читателей. Решение жюри является окончательным и пересмотру не подлежит.

Оргкомитет организует работу жюри и всех иных структур, задействованных в проведении конкурса.

2. К конкурсу допускаются жители области в трёх возрастных категориях:

- от 10 до 14 лет(включительно);
- от 15 до 18 лет(включительно);
- от 19 лет и старше.

В том числе к конкурсу допускаются временно проживающие за пределами области жители (при наличии постоянной прописки в области не менее года и возможности самостоятельного физического посещения места проведения последнего этапа конкурса – написания эссе).

К участию в конкурсе на этапах тестирования и этапе написания эссе не допускаются: члены Союза писателей Казахстана, члены жюри и оргкомитета (включая их близких родственников).

Участники, занявшие в предыдущем конкурсе первые места в своих возрастных категориях, в следующем конкурсе не участвуют совсем, либо могут принять участие в следующем конкурсе (для саморазвития их личности) на общих основаниях только в первых трёх этапах, к последнему этапу (написанию эссе) они не допускаются и на призовые места претендовать не могут.

3. Соответствие участников конкурса требованиям пункта 2 настоящего Положения организаторами проверяется при прохождении участником конкурса последнего этапа. Для этого организаторы изучают базы данных либо при необходимости запрашивают соответствующие подтверждающие документы от участников.

4. Участникам конкурса необходимо зарегистрироваться на сайте <http://kitap13.kz/>, пройти по размещённым на сайте ссылкам в соответствующие их возрастной категории группы в сервисе Telegram, в обозначенные сроки прочитать те книги, которые предложены жюри для их категории на казахском или русском языках в офлайн или онлайн-формате и в определённый день пройти онлайн-тестирование.

5. Регистрация участников производится с 10 октября по 7 ноября 2025 года. Для зарегистрированных участников создаются группы в сервисе Telegram для получения ими информации о конкурсе и ссылок на электронные версии книги.

6. Конкурс начинается 10 октября и заканчивается 16 января 2026 года и проводится в 4 этапа:

1 этап – с 20 октября по 8 ноября. 9 ноября проводится тестирование;

2 этап – с 10 ноября по 29 ноября. 30 ноября проводится тестирование;
3 этап – с 1 декабря по 20 декабря. 21 декабря проводится тестирование;
4 этап – 27 декабря 2025 года участники, набравшие наибольшее количество баллов по итогам трёх этапов, пишут эссе онлайн на том языке, на котором читали книги в предыдущих этапах.

4 этап будет проходить в Костанайской областной универсальной научной библиотеке имени Л. Н. Толстого, центральных городских и районных библиотеках.

Подведение итогов и награждение проводится 16 января 2026 года.

Даты могут быть изменены организаторами в случае необходимости.

7. К четвертому этапу конкурса допускаются не менее 80 участников (не менее 40 человек на казахском языке и 40 человек на русском языке), набравших наибольшее количество баллов по сумме баллов за тестирование в предыдущих трёх этапах. В случае равного количества баллов у нескольких участников жюри может отдать приоритет тем участникам, которые набрали данные баллы в течение наименьшего времени, затраченного на тестирование. Жюри, оценивает эссе участников по разработанным критериям, которые заранее размещаются на сайте конкурса.

8. На получение дополнительных баллов могут претендовать несовершеннолетние участники конкурса при условии участия их полнородных и неполнородных несовершеннолетних братьев, сестер или родителей. Для получения дополнительных баллов один из совершеннолетних участников конкурса, принявший участие в тестировании второго этапа не позже, чем за день до сдачи теста третьего этапа, должен написать заявление в электронном виде с приложением свидетельств о рождении детей, участвующих в конкурсе. В случае опекунов предоставляются соответствующие подтверждающие документы (на электронную почту: lit-center2@mail.kz, kitap10@list.ru).

Дополнительные баллы даются каждому несовершеннолетнему участнику:

2 балла – 3 участника из одной семьи;

3 балла – 4 участника;

5 балла – 5 участников;

9 баллов – 6 участников и более.

9. Конкурсанты сдают тесты в Google форме. Для тестирования по каждому произведению участникам предлагается ответить на 50 вопросов (определяются автоматически системой). Время выполнения тестового задания – 60 минут. Ответы, присланные по истечении заданного времени, не засчитываются.

10. На четвертом этапе финалисты пишут эссе на бумажном носителе в определенных организаторами местах. Время написания эссе – 60 минут. Участникам конкурса запрещается пользоваться интернетом, телефонами, ноутбуком и другими техническими средствами.

Каждый член жюри при проверке эссе оценивает работы по десятибалльной системе оценивания и вносит свою оценку в базу. Окончательная оценка формируется из среднего значения оценок всех членов жюри и суммы баллов за три этапа, переведённой в десятибалльную систему.

11. Информация о конкурсе и его итогах размещается на официальных интернет-ресурсах (сайты, социальные сети) Управления культуры, Управления общественного развития, Управления образования, акиматов городов и районов, Костанайской областной универсальной научной библиотеки имени Л.Н. Толстого, ОУНБ №2 г.Аркалык, Костанайской областной библиотеки для детей и юношества имени И. Алтынсарина, центральных городских и районных библиотек, СМИ.

4. Заключительные положения

1. Победители конкурса определяются по итогам 4 этапа.

2. Победители и призеры конкурса награждаются:

Дипломами I степени (6 человек), II степени (12 человек), III степени (18 человек) и денежными призами.

Оргкомитет и жюри, исходя из финансовых возможностей конкурса, могут устанавливать дополнительные поощрительные призы для финалистов, не занявших призовых мест, но имеющих минимальный разрыв в баллах от победителей.

3. Все участники, прошедшие в финал конкурса, но не занявшие призовых мест, награждаются дипломами финалистов.

По всем возникшим вопросам обращаться по телефонам (с 9:00 до 22.00):

Для возрастной категории:

От 10 до 14 лет +7 707 216 99 25 (каз. яз.), +7 777 054 07 21 (рус. яз.);

От 15 до 18 лет +7 747 447 62 90 (каз. яз.), +7 747 232 92 87 (рус. яз.);

От 19 лет и старше +7 702 854 56 08 (каз. яз.), +7 708 125 62 19 (рус. яз.).